

И. Ш. Хамраева

СЫПАЙЫЛЫҚ КАТЕГОРИЯСЫ МЕН СӘЛЕМДЕСУ ФОРМУЛАЛАРЫ

Қазақ және Ресей лингвистикасында сыпайылық категориясына жеткілікті мән берілмеді, тек XX ғасырдың соңғы жылдарында сөйлеу әдебіне, әңгіме жүргізу ережелеріне, мәдениет контекстіндегі мінез-құлық үлгісі мәселелеріне қызығушылық артты. Бұл коммуниканттардың әлеуметтік орынды мінез-құлық лингвистердің зерттеуге талпынысымен ғана емес, сондай-ақ сөйлеушінің мінез-құлық стилінде, қарым-қатынас жасау әдетінде, мінез-құлық күзіретінің сыпайылық, құрмет және әлеуметтік тұрғыда жарамды мінез-құлық аспектісінде мәдениеттің қалай көрініс табатынын көрсетумен түсіндіріледі.

Ресей лингвистикасында сыпайылық әлеуметтік өзара әрекеттестік типі ретінде анықталады, оның негізін әңгімелесушіге деген құрмет құрайды. Нәтижеде қоғам мүшелерінің әрекеттеріне белгілі бір талаптар қойылады. Адам өзінің әңгімелесуші серіктесінің мүддесі, пікірі мен тілегін ескеруі қажет. Сыпайылық адамдардың өзара әрекеттестік кезіндегі ниетін сәтті жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, әңгімені тұрақтандыратын маңызды қағидаттардың бірі болып табылады [Агапова 2004: 142].

Ресей лингвистикасында қарым-қатынасты реттейтін ережелер жиынтығы саналатын сыпайылық сөйлеу этикетімен сәйкес келеді. [Формановская 1989: 50].

Сыпайылық анықтамасы жақсы әдеттердің көрінісі ретінде осы құбылыстың мінез-құлықтық (сыртқы) жағын қарастырады. Алайда жақсы әдеттер төмен деңгейдегі максаттар мен адамға деген құрметтің жоқтығымен қатар жүруі мүмкін. Мұндай қарама-қайшылық мәнін «polite» және «courteous» секілді ағылшын ұғымдарынан түсінуге болады. Бірінші ұғым көбіне мінез-құлықтың сыртқы аспектісіне қатысты, ал екіншісі сыртқы көрініс пен адамға деген ішкі жақсы қарым-қатынастың үйлесуін білдіреді [Карасик 1992: 49].

Сыпайылық қоғамның әлеуметтік-мәдени ұйымымен анықталатын, сөз болып жатқан сөйлеуші, тыңдаушы және адамдар арасындағы тұлғааралық қарым-қатынасты білдіретін күрделі әлеуметтік-мәдени құбылыс болып саналады.

Сыпайылық категориясының формалары дербес жүйе болып табылмайды. Олар өзгермелі, тарихи уақытты және қолданудың әлеуметтік

мәртебесін білдіреді. Сыпайылық категориясының формалары қандай да бір қарым-қатынастың ресми және бейресми жағдайына байланысты болады.

Сыпайылық категориясы жөніндегі мәселені мәдениетаралық аспектіде қарастыру кезінде ең алдымен сыпайылық, сыйластық, ықылас, құрмет секілді әмбебап ұғымдар әртүрлі тілдер мен мәдениетте түрлі мағынаға ие екенін білу керек.

Бір-бірін дұрыс танымайтын адамдар арасында әлеуметтік қашықтық нақты байқалады. Мұнда рөлдік мінез-құлық өзара ортақ сақтықпен, формальдылықпен сипатталады. Әлеуметтік арақашықтықтағы сыпайылық формальды көрініске ие. Істің шынайы жағдайын жасыратын, әңгімені жорта бұру үдерісі жүзеге асады. Әлеуметтік арақашықтықта сөйлеушінің тыңдаушыға қарым-қатынасы жанама түрде жүзеге асатыны байқалады [Карасик 1992: 8-30].

Жақындасу тұжырымдамасы нақты сөйлеу актілерімен байланысты болады. Бұл жағдайда жақындасу тұжырымдамасы қолданыс ерекшелігі қағидаты бойынша таңдалған сәлемдесу және қоштасу формулалары негізінде көрсетілген. Дж. Лич мұндай сөйлеу актілерді табиғаты бойынша сыпайы санайды ('intrinsically polite') [Leech 1983: 106]. Шындығында да, олар арқылы сөйлеуші әңгімелесушіге деген ілтипатын білдіреді, оны көріп, біліп, құрметтейтіндігі, жақсы көріп, бағалай білетіндігі жөнінде хабарлайды. Алайда сыпайы мағынада білдірілген ілтипат деңгейі әртүрлі мәдениетте түрліше болуы мүмкін.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі сәлемдесу формулалары

Сәлемдесу қарым-қатынас үдерісі кезінде үлкен маңызға ие. Ол бірнеше қызмет атқарады. Ең алдымен, бұл – қарым-қатынас орнату тәсілі, сені байқағандығының белгісі, әлеуметтік ынтымақтастық нышаны. Сәлемдесуден қарым-қатынас бастау алады, оның үндестілігін анықтайды.

Аталған сөйлеу актісінің әмбебап сипатына қарамастан, мұнда және қазақ, орыс сондай-ақ ағылшындардың сәлемдесуінде ұлттық-мәдени ерекшеліктер де байқалады.

Сонымен қатар сәлемдесу формулалары кейбір диалектілік ерекшеліктерге де ие, бұл қазақтардың тарихи және географиялық тұрғыда

жүзге бөлінуімен тығыз байланысты болса керек. Мысалы, “Сәлем!” ең кең таралған сәлемдесу формасына жатады, көбінде бейтарап жағдайда қолданылады, бұл форманың Маңғыстау облысында “Сәлем бердік!”, ал оңтүстік аймақтарда “Салам!” секілді ауызекі таралған нұсқалары бар.

Қазақ қоғамында үлкенге құрмет, ізеттілік таныту кеңінен белең алған. Балаларды ерте кезден бастап ата-анасы және жасы үлкен бөгде адамдарға қарсы сөйлемеуге, оларға орын беруге, қызметшіл болуға үйретеді. Мұндай қарым-қатынас тілде көрініс таппауы мүмкін емес: осылайша, “Сәлеметсіңбе!” деген туыстары немесе өзінен кішілерге қатысты қолданылатын сәлемдесу формуласы төмендегідей нұсқаларға ие: “Сәлеметсіңдерме!” (бірдей жастағы бірнеше адамға қатысты), “Сәлеметсізбе” (үлкен жастағы адамдарға қатысты) және “Сәлеметсіздерме!” (үлкен жастағы бірнеше адамға қатысты). Соңғы екі сәлемдесу формулалары басын июмен, қолын көкірегіне қойып иілумен жиі қатар қолданылады. Аталған ым-ишаралар сәлемдесіп жатқан адресаттарға ерекше құрметті білдіреді. Сөйлеу этикетінің аталған формулаларын талдай келе, сыпайылықтың тілдік элементіне екінші жаққа қатысты сыпайы қарым-қатынастың барлық формаларында кездесетін, орыс тіліндегі “вы” формасына сәйкес келетін “сіз” жұрнағын жатқызамыз.

Сәлемдесу формулаларын таңдау коммуникативті жағдайдағы қатысушылардың бір-бірін танытын немесе танымайтындығына да байланысты болады. Егер олар бір-бірін танымайтын болса, сәлемдесу формасын таңдау негізінен, адресаттың жас ерекшелігіне байланысты келеді: құрдас немесе үлкен жастағы адамға “Ассалаумағалейкум!” (ер кісіге) немесе “Сәлеметсізбе!”, ал жасы кішілерге “Сәлеметсіңбе!” не “Сәлем!” формулалары қолданылады. Сәлемдесу формуласын қолдану сондай-ақ ресми немесе тұрмыстық жағдайға да байланысты. Ресми сәлемдесудің өзіндік ерекше белгілері болуы керек: адресатқа құрмет білдіру, жас ерекшеліктеріндегі айырмашылық бейтараптылығы, жеке емес жалпы сипатқа ие болу және т.б. Ресми сәлемдесу негізінен, қарым-қатынастың эмоционалды бояудан арылған, тек салттық элемент болып табылады. Осы кезге дейін мұндай сәлемдесу формасы ретінде “Сәлеметсіздерме, жолдастар!” (“Здравствуйте, товарищи!”) қолданылатын, ал қазір жаңа тарихи реалияларға байланысты “Сәлеметсіздерме, ханымдар мен мырзалар!” (“Здравствуйте, дамы и господа!”) сәлемдесу форму-

ласы жиі қолданылады. Аталған сәлемдесу формалары тұрмыстық жағдайда қолданылмайды, егер де қолданылған жағдайда әзіл ретінде қаралады.

Жоғарыда аталғандай, сәлемдесу формуласын таңдау сәлемдесіп жатқан адамдардың гендерлік ерекшеліктеріне де байланысты болады. Қазақ тілінде тек қана ерлер қолданатын “Ассалаумағалейкум!” секілді сәлемдесу формасы бар, мұны естіген екінші ер кісі жауап ретінде “Уағалейкумассалам!” формасын қолданады.

Қазақша сәлемдесу формулаларында көпшілік формалар сондай-ақ адресаттың денсаулығын сұрау үшін де қолданылатыны қызық. “Амансын ба?”, “Аман-есен ба?”, “Есенсіздерме?”, “Сау сәлеметсіздерме?” секілді сәлемдесу формулаларының негізінде аман, есен, сау сөздері бар. Адресаттың өзінің денсаулығын сұраудан бөлек, қазақ лингвомәдениетінде оның туыстары мен жақын адамдарының денсаулығын сұрау дәстүрі де белең алған, мұндай сәлемдесуге сыпайы жауап ретінде “Жақсы, рахмет” формасы қолданылады.

Қазақ тілінде сондай-ақ төмендегідей сәлемдесу формулалары бар: “Қайрылы таң”, “Қайрылы күн” және “Кеш жарық”, “Қайрылы кеш”. Қолданыстағы аталған формулалар адресатқа деген құрметті білдіреді, мұндай сәлемдесуді жұмыста әріптестер арасында да есітуге болады, осы формулаларды қолдана отырып бастық қол астындағы жұмысшымен сәлемдесуі мүмкін, жұмысшы да осылайша сәлемдесе алады.

Орыс тілінде сәлемдесудің жалпы қолданылатын бейтарап формуласы “Здравствуй(те)”, ертеректе бұл форма “Будь здоров”, “Здравия желаю”(здрав-ие сөзінен туындаған, түбірі здрав-, кейіннен здоровье (денсаулық)) түрінде кездескен. Русьте ежелден әңгімелесушінің денсаулығы туралы сұрау, денсаулық тілеу дәстүрге айналған. Қазіргі таңда денсаулықтың семантикалық мәні жойылған және аталған сөз назар аударту, әңгіме бастаудың ерекше тәсілі ретінде қолданылады.

Сәлемдесудің бұл түрі орыс лингвомәдениетінің барлық өкілдеріне, қарым-қатынастың барлық жағдайына қатысты сыпайы форма болып табылады. Алайда мұнда –те жұрнағына мән беру керек, біріншіден, бұл бірнеше адресатқа қатысқа қолданылатын белгі, ал екіншіден, бір адресатқа деген сыпайы қарым-қатынастың белгісі болып табылады.

“Доброе утро”, “Добрый день”, “Добрый вечер” секілді сәлемдесу формулалары орыс лингвомәдениетінде осыншама кең таралмаған.

Ертеде аталған формалар да жақсылық тілеу мақсатында қолданылды, алайда уақыт өте келе осы мағынасынан айырылды, қазіргі таңда ол тек қарт адамдарға қатысты “Доброго вам дня”, “День добрый” (Қайырлы күн!) секілді формулаларда сақталды. Сәлемдесудің осы формасы халыққа ресми қарым-қатынас жасауда қолданылмайды, бұл жағдайда оның орнын “Здравствуйте” секілді сәлемдесу формасы басады.

Орыс тілінде сәлемдесудің келесі берік қалыптасқан түрі – “Привет”. Бейресми сәлемдесудің бұл түрі жиі әрі қарым-қатынастың туыстар ортасында, әріптестер, достар арасындағы әртүрлі жағдайда қолданылады, яғни, аталған сәлемдесу тең құқықты, достық қарым-қатынастағы коммуниканттарға тән. Коннотативті мағынасы бойынша сәлемдесудің аталған формуласы қазақ мәдениетіндегі “Сәлем” формасымен ұқсас келеді.

Ағылшын тілінде сәлемдесудің үш бөлігін ерекше атап көрсетуге болады: сәлемдесудің тікелей формуласы (*Hello, Good Morning, Good Afternoon, Good Evening*), қаратпа сөз (*Mr. Wright, Nick, Ladies and Gentlemen*) және ағылшындардың сөйлеу коммуникациясына тән “small talk” элементі (Ларина 2003). Біз тек бірінші бөлігін, яғни сәлемдесу формуласын ғана қарастырамыз.

Good Morning, Good Afternoon, Good Evening секілді сәлемдесу формулалары көбінде ресми жағдайда қолданылады. Олар сондай-ақ екі құрамдас бөліктен тұрады: “good” – жақсы, жағымды. Аталған сәлемдесудің қысқарған формалары *Morning, Afternoon, Evening* формальды әрі коммуниканттар арасындағы тең құқықтылық белгісін білдіреді.

Осыған ұқсас үрдісті біз “Hello” қысқарған түрі “Hi” секілді сәлемдесу формасында да байқай аламыз. Аталған формалар семантикалық жағынан ұқсас келгенімен, ситуативті қолданыста айырмашылықтары бар. Ең алдымен, “Hi” барынша қысқа форма ретінде жиі қолданысқа ие, бірнеше жыл бұрын сөйлеу этикетінде мұндай сәлемдесуді тек өте жақын, етене таныс адамдар арасында қолдану белең алса, қазіргі кезде бұл формамен жұмысшы мен бастық, кішілер үлкендермен, студент оқытушымен сәлемдесе алады. Сонымен бірге “Hi” тек сәлемдесу үшін қолданылады, әңгімені жалғастыруды меңземейді, ал “Hello” керісінше, әңгімені бастау белгісі ретінде қолданылады. Осы жағдайда сәлемдесудің «ұзақтығы» дискурстың созылыңқылығын білдіреді.

Ағылшын тілінде сондай-ақ төмендегідей сәлемдесу формулалары да бар: “How do you do” және “How are you” (қысқ. *How're you*).

Алғашқысы (сөзбе-сөз “Как вы делаете”) кең таралмаған, себебі тек ресми танысу кезінде қолданылады. “How are you” репликасы тікелей аударғанда “Как вы?” (Қалыңыз калай?) орыс тіліндегі “Как дела? Как поживаешь (-ете)?” деген формаларға сәйкес келеді. Оның қысқарған формасы “Hi-ya” тек қана сәлемдесу формуласы ретінде қолданылады, денсаулығы, жұмысы туралы жауапты меңземейді.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі сәлемдесу формулаларында бірқатар ұқсастықтармен қатар, кейбір төмендегідей айырмашылықтар да байқалады:

- қазақ тілінде орыс және ағылшын тілдерімен салыстырғанда сәлемдесу формулалары саны жағынан басымырақ келеді;

- қазақ лингвомәдениетінде әлеуметтік, гендерлік немесе жас ерекшеліктеріне негізделетін қандай да бір сәлемдесу формулаларын қолдану критерийлері басымырақ келеді; орыс лингвомәдениетінде олар аса маңызға ие емес; ал ағылшын лингвомәдениеті үшін мұндай ерекшеліктер мүлдем тән емес.

- қазақ тілінде сыпайы сәлемдесудің көрсеткіші саналатын арнайы *-сыз/сіз* жұрнағы бар, мұны біз шартты түрде «сыпайылық морфемасы» деп атаймыз; орыс тілінде осы мағынада *-те* морфемасы қолданылады, алайда аталған мағынасынан басқа, бұл морфема көптік мәнге ие (бірнеше адресатқа қатысты). Ал заманауи ағылшын тілінде мұндай формальды көрсеткіш жоқ.

Сәлемдесу – бұл ілтипат белгісі, сені байқандығының не сенің маңызды екендігіңнің нышаны, әртүрлі этнокоммуникативті мәдениетте түрліше көрініс табатын сыпайылық стратегияларының бірі.

1. Агапова, С.Г. Основы межличностной и межкультурной коммуникации. – Ростов на Дону.: Феникс, 2004. –288с.

2. Формановская Н. И. Речевое общение: коммуникативно-прагматический подход. М.: Рус. яз., 2002.

3. Формановская Н. И. Речевой этикет и культура общения. М.: Высш. шк., 1989.

4. Карасик В. И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. Волгоград: Перемена, 1992.

5. Ларина 2003д – Ларина Т. В. Вежливость как предмет лингвистического изучения // Коммуникативное поведение. Вып. 17. / Науч. ред. И. А. Стернин. Воронеж: Истоки, 2003. С. 10–22.

6. Leech G. N. Principles of pragmatics. L.; N. Y.: Longman, 1983.-PP. 131-139.

* * *

1. Әнес Ф. Удербәев А. Диалектологиялық сөздік. –Алматы: Арыс.2007. С. 562-612

2. Бектаев К. Большой казахско-русский русско-казахский словарь. Алматы: Алтын Казына, 1999.

3. АРСС – Англо-русский синонимический словарь. Под рук. А.И. Розенмана и докт. филол.наук Ю.Д. Апресяна. М.: Рус.язык, 1988

4. Даль В. Толковый словарь живого великорусского языка: Т 1-4. –М.: Рус. язык, 1989.

В статье рассматривается категория вежливости и

формулы приветствия в казахском, русском и английском языках.

This article is devoted to the studying of the category of politeness and greeting forms in the Kazakh, Russian and English languages.

Д. С. Шантаева

ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЙ ТИПАЖ «КНЯЗЬ»: КОДЕКС ЧЕСТИ ДРЕВНЕРУССКОГО КНЯЗЯ

Антропоцентрическая парадигма является одной из ведущих в лингвистике XXI века. В рамках данной парадигмы активно развиваются такие направления языкознания как лингвокультурология, лингвоконцептология и теория языковой личности (лингвоперсонология).

Достижения лингвоконцептологии и лингвоперсонологии послужили основой для выделения особого вида концепта и становления нового направления в лингвистике – теории лингвокультурных типажей.

Лингвокультурный типаж пресекается с понятием языковой личности. Лингвокультурные типажы, в широком смысле, узнаваемые образы представителей определенной культуры, совокупность которых составляет культуру того или иного общества [1, с.179]. Языковая личность есть личность, выраженная в языке (текстах) и через язык, есть личность, реконструированная в основных своих чертах на базе языковых средств [2, с.38].

Если исследовать языковую личность как типизированного представителя определенной культуры, то она становится лингвокультурным типажом. Т.е. лингвокультурный типаж, более узкое понятие, и оно является инструментом для изучения языковой личности.

Лингвокультурный типаж представляет собой в исследовательском отношении разновидность концепта. Это концепт, содержанием которого является типизируемая личность. Соответственно, можно выделить образную, понятийную и ценностную сторону концепта «лингвокультурный типаж N» [1, с.180].

Понятийная составляющая типажа может быть выявлена с помощью анализа словарных дефиниций, позволяющих установить конститутивные признаки понятия. Образные и ценностные доминанты типажа актуализированы в

языке в виде апеллирующих к нему языковых единиц и могут быть выявлены с помощью интерпретативного анализа прецедентных и креолизованных текстов, текстов произведений художественной литературы и дискурса СМИ, а также анкет респондентов.

Лингвокультурное моделирование типажа «князя» представляется интересным по следующим причинам. Во-первых, как уже было сказано, теория лингвокультурных типажей одно из новых направлений лингвистики XX века и лингвокультурным типажам древней эпохи пока уделено мало внимания. Во-вторых, описание этого типажа важно для понимания культурных доминант того времени; в-третьих, этот типаж является ключом к пониманию основ древнерусского характера.

Лингвокультурный типаж древнерусской эпохи представляют собой особый феномен, поскольку они моделируются в текстах древнерусской литературы в соответствии с литературным этикетом. Понятие о литературном этикете Древней Руси разработано в исследованиях Д.С. Лихачева. Он отмечает, в частности, что литературный этикет «слагается»: 1) из представлений о том, как должен был совершаться тот или иной ход событий; 2) из представлений о том, как должно было вести себя действующее лицо сообразно своему положению; 3) из представлений о том, какими словами должен описывать писатель совершающееся. Пред нами следовательно этикет миропорядка, этикет поведения и этикет словесный [3, с.108]. Из этого утверждения следует, что в древнерусской литературе авторы описывали, создавали прецедентные ситуации (эталонные), в которых изображали типичное поведение героев. Создаваемые прецедентные ситуации являются инструментом для воссоздания модели лингвокультурных